



Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы
Әдістеме-библиография бөлімі

Ақын еді қын түбінде жатпаған...

/ соғыс және еңбек ардагері, ақын Б. Молдашұлы – 90 жаста/

Жаднама



Арқалық, 2016 ж.

Ақын еді қын түбінде жатпаған...



Толқыны жапқан дала адырлардың,
Бойында туып өстім Қабырғаның.
Қарттардың естіп өстім даналығын
Жастардың жинап бойға жалындарын.
Асылдай көкірекке сақтағаным,
Көктетіп көк ормандай баптағаным.
Көрінсін туған елге бір жарқ етіп,
Менің де қын түбінде жатпағаным,
- деп жырлаған ақын Байдақ Молдашевті Қостанай,
Торғай өңіріндегі көзі қарақты азаматтардың
білмейтіндері кемде-кем. Осы өңірдегі даңғайыр
диқан, кейін жазықсыздан жазықсыз бай баласы,
халық жауы деп сотталып, жер аударылып, қиырда
жүріп мерт болған Молдаштың бел баласы.

Жасынан қилы-қилы қиындықтарды басынан өткізіп, өмірдің ащы-тұщысын көп көріп, ерте есейіп, ересектер сапына ерте қосылды. Бай баласы, халық жауы деген қанды шеңгелге іліктірмеу үшін анасы Шарипа апа панасыз бозторғайдай шырылдап қолынан келгеннің бәрін жасап бақты.

Б. Молдашұлы сонау отты жылдары азаттық үшін алысқан батырлардың мекені Амангелді бойында Сарытал ауылдық Кеңесіне қарасты Қабырға өзенінің бойында «Ақ өзек» деген жерде 1926 жылдың 28 сәуірінде дүниеге келген. Кешегі аштықтың шет жағасын көріп, сәби болса да жадында қалғаны жетерлік еді. Оқыды, білім алды, еңбекке ел басына қиындық түскен тұста, 1942 жылы араласты. 1944 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 618-ші дивизияның 44-ші атқыштар полкінде Румыния жерін азат етуге қатысып, соғысты Одер өзеніне жақындағанда аяқтаған. Армия қатарында 1947 жылға дейін болған. Елге оралған соң аудандық оқу бөлімінде, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет бөлімінде, аудандық коммуналдық шаруашылық мекемелерінде есеп қызметінде істеп, зейнеткерлікке аудандық оқу бөлімінің бас есепшілігінен шыққан.

1967 жылға дейін Амангелді аудандық партия комитетінде, аудандық кеңес атқару комитетінде бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1967-1986 жылдары Амангелді аудандық халық ағарту және мәдениет бөлімдерінде бухгалтер болды.

1960 жылдан бастап Облыс оқырмандарына «Көкшағыр» атты дастанымен танылған Байдақ Молдашев – байырғы партия, Совет қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері. Туған жер тарихын, оның кешегісін, бүгінін жақсы білетін ол соңғы жылдары ел өмірінен өлең – дастандар жазды.

Байдақ Молдашұлы табиғатынан ақын жанды болды. Өнер өлкесінен, әдебиет саласынан алыста қызмет етіп, ол ортадан жырақта болса да, көкірегіндегі төкпе жырының сыртқа шығатын сәтін күткен. Оның бастауы

«Көкшағыр» поэмасы. Сол поэма арқылы тек облыс оқырмандарына, жыр сүйер қауымға ғана емес, әдебиеттің марғасқаларының назарына ілігіп, өзінің ақындығына жол ашты. Көптеген ақын-жазушылардың, соның ішінде С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, Қ. Сәрсекеев, С. Кенжеахметұлы, С. Тұрғынбеков сияқты жергілікті ақын-жазушыларымыздың еңбегін жоғары бағалап, ол кісілердің жазғандарын көп оқыған. Бірқатар жазба жинақтарының авторы. Соның бірі белгілі «Батырдың ұрпақтары» атты кітабы. 1987 жылы Алматыдан басылып шықты. Кітаптың бірінші бөлімінде әйгілі жүйрік Көкшағыр ат жайлы көзі тірі қариялардан көп деректер жинап және оның иесі Тасан батырдың ерліктерін жазды. «Әли арық» поэмасында диқанның бейнеті мол ерен еңбегін бейнелесе, «Амангелді түлектерінде» жерлестерінің жаңа өмірге деген беталыстарын, олардың игі істерін жырға қосты.

Ел басына күн туған ауыр жылдар артта қалып, жаймашуақ заман орнағанда, арқа-басы кеңіп, қолына қалам алған еді.

Б. Молдашұлы Кенжеғұл Бүркітов, Байқадам Қаралдин туралы, олардың атын есте қалдыру мақсатында жұмыс жасады. «Таң шапағы» атты өлеңін белгілі композитор, жерлесіміз Бақытжан Байқадамұлының өміріне арнаса, «Әншілер әулеті» шығармасында атақ-даңқы Арқаға белгілі жезтандай әншілер Мұхаметжан мен оның баласы Байқоныстың әншілік дәстүрлері, ұрпаққа қалдырған мұралары жөнінде ой толғайды.

«Оралмаған боздақтар», «Ел есінде Шайхы» жыр жолдарын жазса, «Қос батыр» дастанын халқына, еліне, жеріне қорған бола білген, ата-баба даласын жаудан қорғаған қос батыр Дау ұлы Батыр Қошқар мен Иман Батырдың ерлігін жырлайды.

Қарт ақын Б. Молдашевтің өлеңдері республикалық басылымдарда жарияланды. Ақынның жыр жинағы «Жазушы» баспасынан жеке кітап болып шықты.

«Партия солдаттары» атты ұзақ толғауы Амангелді аудандық «Ақ жол» газетінде жарияланды. Мұнда Батпаққара жерінде социалистік құрылысты орнықтыруға ат салысқан коммунистер жайлы жырлады. Осы толғауда кезінде Амангелді аудандық атқару комитетінің төрағалары болған жерлестеріміз Мырзалы Өтелбаев пен Жәлел Қарабалин жайлы, ел өміріндегі ауыр кезеңдерде – соғыс жылдарында және одан кейінгі қалпына келтіру кезеңінде Батпаққара секілді ұланғайыр ауданды шебер басқара білген Торғай жерінің екі ардақты азаматы жайлы әділ бағасын берді.

«Қайқы тұлпар» поэмасының тарихына үңілсек Абылай хан заманынан қалған осы Торғай өңірінде қазіргі Амангелді ауданы Абай атындағы совхозға қарасты Кенжетай – Құстөбе деген жер бар. Сол жерде руы қыпшақ, оның ішінде құлшық деген атадан Жанбөрі атты жылқылы бай болған. Маңдайына мың жылқы біткен бай. Сол көп жылқының ішінен бір бие егіз құлындап, біреуінің атын «Қайқы», екіншісін «Сыпсың күрең» деп қояды. Осы егіз құлын кейін заманының тұлпары атанған.

Жанбөрінің «Қайқы» атанған атын Абылай хан естіп, өзіне алдыртқан. Бұл поэмада осы тұлпар жайында баяндалады. Ал, оқырманға Абылай хан

назарына іліккен «Қайқы» тұлпар иесі Жанбөрі атамыздың бүгінгі ұрпақтары жөнінде айтатын болсақ, олар дәрігер Хамитбек Махмұтов, Қабырға ауылында жеке шаруашылық төрағасы болған Жақып Қалиев атамыз, Егінбай Бәйкенов, Торғай облыстық филармониясының артисі Сайлау Ордабаевтар болатын.

Әкем ел аузындағы әңгімелерді, әсіресе тарихи оқиғаларды көп білетін. Әңгімені қыздыра бастап, қызықты жеткізіп, орнықты, тиянақты етіп баяндайтын. Сары Қошқар батыр, Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы, Кейкі батыр және Әбдіғапар хан туралы да әңгіме, көп деректер жинайтын.

Әкем ел қадірлеп, құрмет тұтатын азаматтардың бірі болды. Өзінен үлкен сыйлы кісілерден, ауыл ақсақалдарынан көптеген оқиғалар, әңгімелер естіп жадында сақтаса, өзінен кішілерге ағалық қамқорлық жасап,, ақыл-кеңес беріп, жол көрсетті – деп толғайды қарт ақынның немересі Гүлмира Байдаққызы.

Қарт ақынның әркімге де үлгі боларлықтай айтулы бір ісі арада жарты ғасыр уақыт өткеннен кейін әкесі Молдашты ақтап алды. «Өмір сыры» атты өлеңінде :

Көп көрдім қиындықты жас басымнан,

Айырды әке-шеше отбасынан.

Атақты «халық жауы» тұқымы деп,

Бір пенде қорықпады көз жасымнан -

дей жүріп барлық тиісті орындарға болған жайларды толықтай жазып, ақыры әділеттікке қол жеткізді. Көз жеткізіп қана қойған жоқ, әкесі нақақтан-нақақ ұсталып, жат жерде мерт болған осы мезгілде жетім бала, жесір ананың көрген азап бейнетінің өтеуі, қазына қажетіне кеткен дүние-мүлік, төрт түлік мал өтеуін мемлекет қайтарып берді.

Қарапайым есеп қызметкері бола жүріп, өз мамандығын, оның қыры мен сырын жас ұрпаққа үйретуінде теңдесі жоқ ұстазы бола білді. Аудандық оқу бөлімінде 40 жылдан астам бас бухгалтер болған ол, жас мамандарды тәрбиелеудің қас шебері болды. Есеп қызметі кезінде шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік бермеді. Б. Молдашұлының өлең өрісіне кеш шығуының осындай себептер болса керек. Кештеу болса да, оның ел мен жерге, өзі бар өмірін арнап жұмыс атқарған аудандық Мәдениет бөлімінде үлкен ізі қалды. Ауылдастары бүгінде аудандық орталық кітапхананы Б. Молдашевтің есімімен атайды. Соғыстағы ерліктері үшін ІІ дәрежелі « Отан соғысы» орденімен, медальдармен марапатталған.

Биылғы жылы Б. Молдашевтің туғанына 90 жыл толып отыр. Кеше ғана соңында еріп жүрген, ақыл-кеңесін тыңдаған, атқарған ісін көрген, жырларын жаттап, мақтан тұтар қарт ақын күндер өткен сайын тарихи тұлғаға айналып, асқақтай түскендей. Ол майдангер. Ол ақын. Ол үлкен ұстаз, ұл-қыз тәрбиелеген ардақты әке. Елдің асыл ардағы, аяулы азаматы.

Ақын шығармалары

1. Торғай елі. : энциклопедия / құраст. : Т. Рсаев. – Алматы : Арыс, 2013. - Б.
2. Молдашев, Байдақ : [өмірбаян] // Олар жеңіспен оралды=Они вернулись с победой: ескерткіш кітабы.- Қостанай, 2009. - Б. 231.
3. Молдашев, Б. Батырдың ұрпақтары [Мәтін]: поэмалар мен толғау / Б. Молдашев - Алматы: Жазушы, 1987. – Б. 80.
4. Молдашев, Б. Алшаң басқан аға еді [Мәтін] : [ақын С. Мәуленов қайтыс болғанына – бір жыл] / Б. Молдашев // Торғай таңы. -1994.- 12 ақпан. – Б.4.
5. Молдашев, Б. Өмір сыры [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Торғай таңы. - 1996. - 27 сәуір. – Б. 2.
6. Молдашев, Б. Аман жүр Алатаудай ағаларым [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Торғай таңы. - 1993.- 8 мамыр. - Б.1.
7. Молдашев, Б. Халқым үшін садаға шыбын жаным [Мәтін] : [Байқадам Қаралдин туралы] / Б. Молдашев // Торғай таңы. - 1993.- 9 ақпан. – Б. 4.
8. Молдашев, Б. Бақұл бол, аға [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Ақ жол.-1993.-24 ақпан. – Б. 4.
9. Молдашев, Б. Октябрь жыршысы [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Тың шұғыласы. – 1993.- 26 ақпан. – Б.4.
10. Молдашев, Б. Таң шапағы [Мәтін] : [сазгер, жерлесіміз Бақытжан Байқадамұлының өмірі туралы] / Б. Молдашев // Ақ жол.- 1992. - 9 мамыр. – Б. 3.
11. Молдашев, Б. Қайқы тұлпар [Мәтін] : [поэма] / Б. Молдашев // Торғай таңы.- 1992.- 4 шілде. – Б. 3.
12. Молдашев, Б. Ел есінде Шайхы [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Ақ жол.-1991.-6 сәуір. – Б. 4.
13. Молдашев, Б. Оралмаған боздақтар [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Торғай таңы. -1991. 9 мамыр. – Б. 3.
14. Молдашев, Б. Қазақ зиялыларының бірі еді [Мәтін] : [Байқадам Қаралдин туралы] / Б. Молдашев // Торғай таңы. -1991.- 9 шілде. – Б. 2.
15. Молдашев, Б. Қос батыр [Мәтін] : [дастан] / Б. Молдашев // Ақ жол.- 1991.-6 қараша. – Б. 4.
16. Молдашев, Б. Достық [Мәтін]: өлеңдер мен поэмалар / Б. Молдашев // Жалын. - 1990. - № 2. - Б. 90.
17. Молдашев, Б. Әншілер әулеті [Мәтін] : [әншілер Мұхаметжан мен оның баласы Байқоныстың әншілік дәстүрлері туралы] / Б. Молдашев // Арқалық таңы. -1990.-18 тамыз. – Б. 3.
18. Молдашев, Б. Оралмаған үш боздақ [Мәтін] : [поэмадан үзінді] / Б. Молдашев // Тың шұғыласы. -1989.-20 сәуір. – Б.3.
19. Молдашев, Б. Әке тағдыры [Мәтін] : [баллада] / Б. Молдашев // Коммунизм таңы. -1989.- 9 қыркүйек. – Б. 5.

20. Молдашев, Б. Туған жер туралы толғау [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Тың шұғыласы..- 1989.-7 қыркүйек. – Б. 4.
- 21 .Молдашев, Б. Арнау [Мәтін] : [сазгер Б. Байқадамов туралы] / Б. Молдашев // Тың шұғыласы. -1987.- 4 наурыз. – Б. 3.
22. Молдашев, Б. Әли арық [Мәтін] : [деректі дастаннан үзінді] / Б. Молдашев // Торғай таңы.-1986.-12 мамыр. –Б. 4.
- 23 .Молдашев, Б. Амангелді түлектері [Мәтін] : [өлең] / Б. Молдашев // Тың шұғыласы. -1985.- 22 тамыз. – Б. 2.

Ақын туралы әдебиеттер :

24. Сейдахметов, Төлеген. Артына із қалдырған Байдақ ақын.. [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашев туралы] / Төлеген Сейдахметов // Қостанай таңы. - 2005. - 20 сәуір. – Б. 6.
25. Әбілтай, Әбжан. Ақын еді қын түбінде жатпаған. [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлының туғанына 70 жыл] / Әбжан Әбілтай // Торғай таңы. - 1996. - 27 сәуір. – Б. 2.
26. Байдаққызы, Гүлмира. Ата өнегесі [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлының туғанына 70 жыл] / Гүлмира Байдаққызы // Торғай таңы. - 1996. - 27 сәуір. – Б.2.
- 27.Әбіл, Қ. Сағыныш [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері, ақын Байдақ Молдашұлы туралы] / Қ. Әбіл // Торғай таңы. - 1995. - 1 маусым. – Б.4.
- 28.Кенебаев, К Жаны жайсаң аға еді [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері, ақын Байдақ Молдашұлы туралы] / К. Кенебаев // Торғай таңы. - 1995. - 1 маусым. – Б. 4.
- 29.Досжанов, Б. Жақсы сөз - жарым ырыс [Мәтін] : [майдангер, ақын Байдақ Молдашевтің "Партия солдаттары" атты толғауы туралы] / Б. Досжанов // Торғай тынысы. - 1991. - 14 мамыр. – Б. 2.

Ақынның кітабы

Бұл кітапта ақынның өмірбаяны берілген



«Батыр ұрпақтары» атты бұл кітабына екі поэмасы мен бір толғауы енді. «Көкшағыр» поэмасында бай мен кедей арасындағы таптық тартыс, намыс қорғауы сөз болады. «Әли арық» поэмасында кішкентай да болса маңызы үлкен істің басталуы сипатталса, «Амангелді түлектерінде» елдік пен ерліктің үлгісін кейінгі жастарға үлгі етеді.

Мерзімді басылымдарда жарияланған Б. Молдашевтың шығармалары :



МОРГАЙ ПАЛАНИМАРЫ

Аман Байдам Молдашевты өміріне жүргізілген Мұстафа бейіт тасы. Оған көп-көп аманшылықтар айтып сүйсіне айтып бүгінгі таңымызға өзінің өзіне қалай қалады.

Тамаша! Біз ұлттың өміріне аманшылықтар айтып отырмыз. Арман біздің жанымызда өмірде.



Әншілер әулеті

Тамаша! Біз ұлттың өміріне аманшылықтар айтып отырмыз. Арман біздің жанымызда өмірде.

Аман Байдам Молдашевты өміріне жүргізілген Мұстафа бейіт тасы. Оған көп-көп аманшылықтар айтып сүйсіне айтып бүгінгі таңымызға өзінің өзіне қалай қалады.

Тамаша! Біз ұлттың өміріне аманшылықтар айтып отырмыз. Арман біздің жанымызда өмірде.

Саманым қалай болды, қалай болды, Аман Байдам Молдашевты өміріне жүргізілген Мұстафа бейіт тасы. Оған көп-көп аманшылықтар айтып сүйсіне айтып бүгінгі таңымызға өзінің өзіне қалай қалады.

Тамаша! Біз ұлттың өміріне аманшылықтар айтып отырмыз. Арман біздің жанымызда өмірде.

Әке тағдыры

Бақыт

Мен әкемнің тағдырын білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді.

Менің әкемнің тағдырын білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді.

Менің әкемнің тағдырын білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді.

Менің әкемнің тағдырын білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді.

Менің әкемнің тағдырын білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді.

Менің әкемнің тағдырын білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді. Менің әкемнің тағдыры білгім келеді.

СЫРБАЙ АҚЫН

Туған ел сағынады Сырбай аға!
 Секілді омыраудағы алтын жаға.
 Бұл күнде кемелденіп шарықтадың,
 Атағың кең тарады республикаға.
 Өмірдің өттің тазай асуынан,
 Аулақсың биік ұстан тасуыңнан.
 Атақты өлең-жырдың ер-тарлаңы,
 Адысқа атың кеткен асыл ұлаң.
 Өлеңің ұрпақ үшін жаралғандай,
 Кірішкеліз ашық-таза атқан таңдай.
 Еліңе қарапайым қалаушысың,
 Еңбегің бағазаның із қалғандай.
 Кеңеті соғыстан да аман келдің,

Қан көшіп ортасында төккен селдің,
 Қорғаны Ленинград шабқасында.
 Атыңды аманатың түгін елдің,
 Торғайда жерлестерің сағынғандай
 Әкырыңның шабыттансаң ағымғандай,
 Өмірің өз орнады өрнектелді,
 Шырағы өлең-жырды жағымғандай,
 Жүре бер ортасында асыл аға,
 Халқыңның сүйіктісі жетпес баға.
 Өрнеңің біск тұрар қатарыңда,
 Аман бол, Азаттаудай асыл аға!
 Байдақ МОЛДАШЕВ,
 соғыс және еңбек ардагері.

Ақынның өмірінен



Ақынның анасы Шарипа



Б. Молдашев, жары Ләтипә, ұлы
Әлімгерей, бауырлары Байжан,
Аманжол



Жерлес ақын С. Мәуленов және ұлы Қайыржанмен бірге

Мазмұны

1. <i>Ақын еді қын түбінде жатпаған.....</i>	3
2. <i>Ақын шығармалары.....</i>	6
3. <i>Ол туралы.....</i>	7
4. <i>Батырдың ұрпақтары кітабы.....</i>	8
5. <i>Мерзімді басылымдарда жарияланған шығармалары.....</i>	9
6. <i>Ақын өмірінен фотосуреттер.....</i>	10

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru***

***Құрастырушы: Г.К. Сейтқожина
Компьютерлік терілім: Г. К. Сейтқожина
Редактор: Ә.Қ. Ахметжанова
Шығарылымға жауапты: А.Ж. Нұрманова
Басуға қол қойылды 11.03.2016.
Таралым 5
Басылым: ксерокс
Көлем 1,4***